

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 29 қарашадағы № 193/27-V шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2013 жылғы 29 қарашада нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 792 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 226/31-V шешімімен

Ескерту. Шешімнің күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 27.03.2014 № 226/31-V шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 55-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 20-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 8-бабының 3) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы 3-бабының Заңына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ережесі бекітілсін.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы С. Хамхоев

Астана қаласы
мәслихатының хатшысы С. Есілов

Астана қаласы мәслихатының
2013 жылғы 29 қарашадағы
№ 193/27-V шешіміне
қосымша

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ҚАҒИДАСЫ

Осы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 55-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 20-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңы 8-бабының 3) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабына сәйкес әзірленді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету (бұдан әрі – әлеуметтік көмек) Астана қаласында тіркелген және тіркелген жерінде тұрақты тұратын азаматтарға көрсетіледі.

2. Әлеуметтік көмекті қаржыландыру көзі Астана қаласының бюджеті болып табылады.

3. Әлеуметтік көмек «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің әкімшісі (бұдан әрі – Әкімші) болып табылатын «Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек» бюджеттік бағдарламасына (бұдан әрі – Бағдарлама) сәйкес және қала бюджетінде осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде ұсынылады.

2-тарау. Әлеуметтік көмек төлеу тәртібі

4. Әлеуметтік көмек Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай (1 желтоқсан) ақшалай төлем түрінде және азық-түлік жиынтығы түрінде ұсынылады.

5. Әлеуметтік көмек мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар ішінен жиынтық табысы кедейлік шегінен төмен аз қамтылған азаматтарға (отбасына) азық-түлік жиынтығы түрінде ұсынылады.

6. Қағида шеңберінде азық-түлік жиынтығы:
макарон өнімдері – 25 килограмм;
күріш – 25 килограмм;
қант – 5 килограмм;
күнбағыс майы – 5 литрді құрайды.

7. Азық-түлік жиынтығын сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Азық-түлік жиынтығын беруді мемлекеттік сатып алу туралы конкурс жеңімпазы болып танылған жеткізуші жүзеге асырылады.

8. Ақшалай төлем түріндегі әлеуметтік көмек арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушы азаматтардың келесі санаттарына:

20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде – Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, олардың жесірлеріне;

10 000 (он мың) теңге мөлшерінде:
жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және мүгедектеріне теңестірілген адамдарға, олардың жесірлеріне;

қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдар;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар;

екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қ а т ы с қ а н а д а м д а р ;

Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен

авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы КСР Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз және жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері;

қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары;

басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар,
а т а п а й т қ а н д а :

бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар.

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға, сондай-ақ Ұлы Отан соғысы жылдары 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырға дейінгі кезеңде кемінде алты ай тылда жұмыс істеген (қызмет атқарған) және бұрынғы КСР Одағының ерен еңбегі үшін

ордендерімен және медальдерімен наградталмаған адамдарға;
«Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңы 9-бабының 1-тармағымен олардың мәртебесі белгіленген қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына беріледі.

9. Әлеуметтік көмектің сомасын төлеу ақшалай қаражатты Астана қаласының екінші деңгейдегі банктер бөлімшелері арқылы алушылардың дербес шоттары немесе карталық шоттарына аудару арқылы жүргізіледі.